



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 20-8/1299 от: 07.06.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 ж. 27.04. № ДЗ-123 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – БЖЗҚ) және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (бұдан әрі – ӘМСҚ) қызметіне қатысты сауалдарыңызды қарап, мыналарды хабарлаймыз.

1. БЖЗҚ және ӘМСҚ инвестициялық бағдарламалары мен міндетті есептілігін республикалық бюджетті және Үкімет пен Ұлттық Банктің оны орындау туралы есебін бекіту шеңберінде арнайы бөлім ретінде заңнамалық тұрғыдан бекітуге қатысты.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 35-бабы 2-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес инвестициялау бағыттары бойынша ұсыныстарды қарауды және әзірлеуді Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) жүзеге асырады.

Бұл ретте Кеңестің ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі бекітіледі.

Ұлттық Банктің ақпараты бойынша 2016 жылы 1161,2 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтері Кеңестің ұсынымдарына және Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында 2016 жылғы 10 ақпанда қабылданған шешімдеріне сәйкес нарық талаптарымен инвестицияланды.

2016 жылдың қорытындылары бойынша зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс 472,4 млрд. теңге болды және салымшылардың шоттарына бөлінді.

Сонымен бірге, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 35-бабы 2-1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Ұлттық Банк жыл сайын БЖЗҚ қызметі туралы есепті Кеңестің қарауына ұсынады. Есепті қарау нәтижесі бойынша Кеңес зейнетақы активтерін басқару тиімділігін бағалайды және қажет болған кезде басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады.

ӘМСҚ-ның инвестициялық қызметі «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – МӘМС туралы заң) 21-бабымен реттеледі, оған сәйкес:

1) ӘМСҚ инвестициялық қызметті ӘМСҚ мен Ұлттық Банк арасында жасалатын сенімгерлік басқару шартының негізінде қордың активтерін Ұлттық Банк арқылы қаржы құралдарына орналастыру арқылы жүзеге асырады.

2) Ұлттық Банк қордың активтерін шоғырландыру және орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және жасалған сенімгерлік басқару шартына сәйкес шоттардың және инвестициялық қызметтің жай-күйі туралы есепті қорға тоқсан сайын ұсынады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 210 қаулысымен ӘМСҚ активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының толық тізбесі айқындалды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасында инвестициялық бағдарламаны (инвестициялар объектілерінің (қаржы құралдарының) тізбесі ретінде инвестициялық жобаларды, олардың негізгі сипаттамалары мен көлемдерін бекіту) бекіту тәртібіне қойылатын талаптар реттелген.

Жазылғандарды ескере отырып, инвестициялық бағдарламаларды қосымша заңнамалық бекітуді артық деп пайымдаймыз.

Оған қоса, Халықаралық Валюта Қоры әзірлеген 2001 жылғы Мемлекеттік қаржылардың статистикасын қалыптастыру жөніндегі басшылықтың талаптарына сәйкес (2001 жылғы МҚСБ) шоғырландырылған мемлекеттік бюджетте мемлекеттік қаржы және қаржылық емес корпорацияларды қамтитын мемлекеттік басқару секторы сияқты кіші секторлардың сипаттамасы бар. Осыған байланысты, ӘМСҚ қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоғырландырылған мемлекеттік бюджетті орындау туралы есептерін жасау кезіндегі жиынтық ақпаратқа енгізіледі.

Республикалық бюджетті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің оның орындалуы туралы есебін бекіту шеңберінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде арнайы бөлімді құруды сондай-ақ мақсатқа сай емес деп пайымдаймыз, өйткені зейнетақы активтері бюджеттік қаражатқа жатпайды, ӘМСҚ есептілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бюджетті орындау туралы жалпы шоғырландырылған есептілігіне енгізіледі.

2. Қорлардың және Ұлттық Банктің активтерін нысаналы және тиімді пайдалану үшін олардың басшылықтарының дербес материалдық жауапкершілігін енгізуге қатысты.

БЖЗҚ, ӘМСҚ, Ұлттық Банк және олардың лауазымды тұлғалары азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері бола отырып, 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 890-бабының 1-тармағына сәйкес оларға сенімгерлікпен берілген мүлікті тиісінше басқару үшін жауапкершілікте болады. Осы жауапкершілік, оның ішінде егер басқарушы өзінің міндеттерін тиісінше орындау үшін оған байланысты барлық шараны қабылдағанын дәлелдей алмаса, тиімсіз басқару нәтижесінде келтірілген зиянды материалдық өтемақы көзделеді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 63-бабының 1-тармағында БЖЗҚ-ның лауазымды тұлғалары қоғамға келтірген зиян үшін дербес жауапкершілікте болады.

ӘМСҚ жалғыз құрылтайшысы және акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша шешім қабылданатын мәселелерді қоспағанда, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабында айқындалған жарғылық капиталда мемлекеттің қатысуымен қоғамды басқарудың ерекшеліктері және акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы (ӘМСҚ-мен жағдайында – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі) акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды деп болжанады.

Осылайша, БЖЗҚ-ның, ӘМСҚ-ның, Ұлттық Банктің, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін, меншікті активтерін және ӘМСҚ-ның активтерін нысаналы және тиімді пайдалану үшін жауапкершілігі заңнамалық деңгейде реттелген.

3. Қорлардың сайттарында инвестициялық портфельдің құрылымы және таңдалған құралдардың қысқамерзімді және ұзақмерзімді перспективадағы жоспарланған кірістілігі туралы ақпаратты ағымдағы режимде орналастыруға қатысты.

Халықты зейнетақы активтерін инвестициялау туралы ақпараттандыру мақсатында зейнетақы активтерін басқару, қаржы құралдарының тізбесі және олардың құны туралы ақпарат БЖЗҚ-тың сайтында (www.enpf.kz) орналастырылады.

Болашақтағы кезеңдерге арналған активтерді инвестициялаудың бағыттарын айқындаған кезде инвестициялық портфельдің әлеуетті (жоспарланатын) кірістілігі айқындалады. Дегенмен нақты кірістілік басқарушының немесе эмитенттің іс-қимылына ғана байланысты емес, нарықтағы және экономикадағы ахуалға да байланысты болғандықтан, ол жоспарланған кірістіліктен біршама дәрежеде өзгеше болуы мүмкін.

Осылайша, жоспарланып отырған кірістілік туралы ақпаратты жариялау мүмкін емес, өйткені ол жұртшылықты жаңылыстырады.

4. Нақты коммерциялық банктерді іріктеудің жария және түсінікті критерийлерін және банктердің депозиттерінде орналастыру және олардың

бағалы қағаздарын сатып алу үшін қорлар қаражатының көлемдерін белгілеуге, қоғам үшін ондай шешімдерді қабылдаудың жария сипатын қамтамасыз етуге қатысты.

2016 жылғы 10 ақпанда Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында екінші деңгейдегі банктер арқылы шағын және орта бизнесті қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде зейнетақы активтерін орналастырудың жаңа транспарентті тетігі айқындалды. Банктің қорландыруға қажетті сұранысының, банктің кредиттеу әлеуетінің, сондай-ақ оның активтері мен міндеттемелері құрылымының болуы банктердің аталған бағдарламаларға қатысуының негізгі критерийлері болды. Шағын және орта бизнесті қаржыландырудың көрсетілген бағдарламасына қатысуды кредиттік рейтингі бар және осы банктерде бұрын орналастырылған зейнетақы қаражатының мөлшері белгіленген лимиттен аспаған жағдайда барлық екінші деңгейдегі банктер қабылдай алды.

Аталған тетік Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы алаңында алдын ала талқыланды.

Сондай-ақ, қаржы құралдарына зейнетақы активтерін инвестициялау жүзеге асырылатын банктерге қойылатын жалпы критерийлер жария болып табылады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің («Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 149 қаулысы) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің («Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 86 қаулысы) шешімдері деңгейінде белгіленген.

ӘМСҚ МӘМС туралы заңның 20-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес уақытша бос тұрған қаражатты Ұлттық Банк арқылы қаржы құралдарына орналастырады. Осыған байланысты, ӘМСҚ қаражат көлемдерін коммерциялық банктердің депозиттеріне орналастыруды көздемейді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 20-8/1299 от: 07.06.2017

Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-123 от 27.04.2017 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно деятельности Единого накопительного пенсионного фонда (далее – ЕНПФ) и Фонда социального медицинского страхования (далее – ФСМС), сообщаем следующее.

1. Касательно законодательного утверждения инвестиционных программ и обязательной отчетности ЕНПФ и ФСМС в качестве специального раздела в рамках утверждения республиканского бюджета и отчета Правительства и Национального Банка о его исполнении.

В соответствии с подпунктом 2) пункта 2-1 статьи 35 Закона Республики Казахстан от 21 июня 2013 года «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон о пенсионном обеспечении) рассмотрение и выработка предложений по направлениям инвестирования осуществляется Советом по управлению Национальным фондом Республики Казахстан (далее – Совет) при Президенте Республики Казахстан.

При этом в соответствии с рекомендациями Совета постановлением Правительства Республики Казахстан утверждается перечень финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет пенсионных активов.

По информации Национального Банка в 2016 году пенсионные активы в размере 1161,2 млрд. тенге инвестировались на рыночных условиях согласно рекомендациям Совета и решениям, принятым 10 февраля 2016 года на расширенном заседании Правительства Республики Казахстан с участием Главы государства.

По итогам 2016 года инвестиционный доход по пенсионным активам составил 472,4 млрд. тенге и был распределен на счета вкладчиков.

Вместе с тем, согласно подпункту 4) пункта 2-1 статьи 35 Закона о пенсионном обеспечении Национальный Банк ежегодно предоставляет на рассмотрение Совета отчет о деятельности ЕНПФ. По результатам рассмотрения отчета Совет оценивает эффективность управления пенсионными активами и, в случае необходимости, осуществляет выработку предложений по повышению эффективности управления.

Инвестиционная деятельность ФСМС регулируется статьей 21 Закона Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года «Об обязательном социальном медицинском страховании» (далее – Закон об ОСМС), в соответствии с которой:

1) ФСМС осуществляет инвестиционную деятельность путем размещения активов фонда в финансовые инструменты через Национальный Банк на основании договора доверительного управления, заключаемого между ФСМС и Национальным Банком.

2) Национальный Банк ведет учет всех операций по аккумулированию и размещению активов фонда, получению инвестиционного дохода и ежеквартально представляет в ФСМС отчет о состоянии счетов и инвестиционной деятельности в соответствии с заключенным договором доверительного управления.

Кроме того, постановлением Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2016 года № 210, определен исчерпывающий перечень финансовых инструментов для инвестирования активов ФСМС.

Таким образом, законодательством Республики Казахстан урегулированы требования к порядку утверждения инвестиционной программы (утверждение инвестиционных проектов в виде перечня объектов инвестиций (финансовых инструментов), их основных характеристик и объемов).

Учитывая изложенное, полагаем излишним дополнительное законодательное утверждение инвестиционных программ.

Вместе с тем, в соответствии с требованиями Руководства по формированию статистики государственных финансов 2001 года (РСГФ 2001 года), разработанного Международным Валютным Фондом, консолидированный государственный бюджет содержит характеристику подсекторов, таких как сектор государственного управления, включающий государственные финансовые и нефинансовые корпорации. В связи с чем, информация о деятельности ФСМС включается в сводную информацию при составлении отчетов Правительства Республики Казахстан об исполнении консолидированного государственного бюджета.

Создание специального раздела в рамках утверждения республиканского бюджета и отчета Правительства Республики Казахстан о его исполнении в Бюджетном кодексе Республики Казахстан, также полагаем нецелесообразным, поскольку пенсионные активы не относятся к бюджетным средствам, а отчетность ФСМС включается в общую консолидированную отчетность Правительства Республики Казахстан об исполнении государственного бюджета.

2. Касательно введения персональной материальной ответственности руководства фондов и Национального Банка за целевое и эффективное использование их активов.

ЕНПФ, ФСМС, Национальный Банк и их должностные лица, являясь субъектами гражданско-правовых отношений, несут ответственность за надлежащее управление доверенным им имуществом согласно пункту 1 статьи 890 Гражданского кодекса Республики Казахстан от 1 июля 1999 года. Данная ответственность, в том числе, предусматривает материальное возмещение убытков, нанесенных в результате неэффективного управления, если управляющий не докажет, что принял все зависящие от него меры для надлежащего исполнения своих обязанностей.

Пунктом 1 статьи 63 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах» установлено, что должностные лица ЕНПФ несут персональную ответственность за вред, причиненный обществу.

ФСМС является некоммерческой организацией в организационно-правовой форме акционерного общества, единственным учредителем и акционером которого является Правительство Республики Казахстан.

Особенности управления обществом с участием государства в уставном капитале определены статьей 177 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» и предполагают, что уполномоченный орган соответствующей отрасли (в случае с ФСМС – Министерство здравоохранения Республики Казахстан), которому переданы права владения и пользования государственным пакетом акций, самостоятельно принимает решение по всем вопросам, отнесенным к компетенции акционера, за исключением вопросов, решение по которым принимается по согласованию с уполномоченным органом по государственному имуществу.

Таким образом, ответственность ЕНПФ, ФСМС, Национального Банка, а также их должностных лиц за целевое и эффективное использование пенсионных активов, собственных активов ЕНПФ и активов ФСМС уже урегулирована на уровне законодательства.

3. Касательно размещения в текущем режиме на сайтах фондов информации о структуре инвестиционного портфеля и планируемой доходности выбранных инструментов в краткосрочной и среднесрочной перспективе в доступном для населения формате.

В целях информирования населения об инвестировании пенсионных активов на сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) размещается информация об управлении пенсионными активами, перечне финансовых инструментов и их стоимости.

При определении направлений инвестирования активов на будущие периоды определяется потенциальная (планируемая) доходность инвестиционного портфеля. Однако реальная доходность может в значительной степени отличаться от планируемой, поскольку она зависит не только от действий управляющего или эмитента, но и от ситуации на рынке и в экономике.

Таким образом, обнародование информации о планируемой доходности не представляется возможным, поскольку она будет вводить в заблуждение общественность.

4. Касательно установления публичных и понятных критериев отбора конкретных коммерческих банков и объёмов средств фондов для размещения на

депозитах банков и приобретения их ценных бумаг, обеспечения публичного характера принятия таких решений для общества.

На расширенном заседании Правительства Республики Казахстан от 10 февраля 2016 года с участием Главы государства был определен новый транспарентный механизм размещения пенсионных активов в рамках реализации программ финансирования малого и среднего бизнеса через банки второго уровня. Основными критериями участия банков в данных программах были наличие соответствующей потребности банка в фондировании, потенциал кредитования банка, а также структура его активов и обязательств. Принять участие в указанной программе финансирования малого и среднего бизнеса могли все банки второго уровня, имеющие кредитный рейтинг, и при условии, что размер ранее размещенных пенсионных средств в этих банках не превышал установленный лимит.

Данный механизм предварительно обсуждался на площадке Ассоциации финансистов Казахстана.

Также общие критерии к банкам, в финансовые инструменты которых осуществляется инвестирование пенсионных активов, являются публичными, установлены на уровне решений Правительства Республики Казахстан (постановление Правительства Республики Казахстан от 18 марта 2016 года № 149 «Об утверждении перечня финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет пенсионных активов единого накопительного пенсионного фонда») и Национального Банка Республики Казахстан (постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 17 марта 2016 года № 86 «Об утверждении Инвестиционной декларации единого накопительного пенсионного фонда»).

ФСМС в соответствии с подпунктом 3) пункта 2 статьи 20 Закона об ОСМС размещает временно свободные средства в финансовые инструменты через Национальный Банк. В связи с чем, ФСМС не предусматривает размещение объемов средств на депозитах коммерческих банков.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев